

**Жас ғалымдар арасындағы этносаралық толеранттылық пен қоғамдық
келісімнің қазақстандық үлгісіне арналған ғылыми жұмыстар
байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1 Жас ғалымдар арасындағы этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісіне арналған ғылыми жұмыстар байқауы (бұдан әрі – Байқау) – Қазақстан халқы Ассамблеясы Жылы аясында ұйымдастырылатын республикалық шара.

Мақсаты: отандық жас ғалымдардың ғылыми-сарапшылық әлеуетін тарту арқылы этносаяси және этноәлеуметтік жағдайды жетілдіру

Міндеттері:

- жастардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру;
- дарынды жас ғалымдарды табу әрі қолдау;
- жас ғалымдардың отансүйгіштік, әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыру;
- жас ғалымдарды этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу саласына жұмылдыру.

1.2 Республикалық байқауды ұйымдастырушылар:

- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығы;
- Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық кеңесі.

2. Байқауға қатысушылар

2.1 Байқауға Қазақстанның жасы 35-ке дейінгі жас ғалымдары қатыса алады. Олар: ғылым кандидаттары, PhD докторлары мен докторанттары, магистрлер мен магистранттар.

3. Байқауды өткізу тәртібі

3.1 Байқау 3 кезеңнен тұрады:

- Өңірлік байқау;
- Республикалық сырттай іріктеу;
- Республикалық қорытынды байқау.

3.2 Байқау аясында белгіленген шаралар Күнтізбелік жоспарға сәйкес жүргізіледі (№1 қосымша).

3.3 Өңірлік байқау – Республикалық байқаудың өңірлерде өткізілетін алғашқы кезеңі.

3.4 Өңірлік байқауды ұйымдастырушылар:

- Облыстардың (Астана, Алматы қалаларының) Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылықтары;

- Облыстардың (Астана, Алматы қалаларының) Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сарапшылық топтары.

3.5 Өңірлік байқауға ұсынылған жобаларды бағалау үшін ұйымдастырушылар Жергілікті байқау комиссиясын құрады.

Жергілікті байқау комиссиясы:

- өңірлік жоғарғы оқу орындарының әлеуметтік-гуманитарлық пәндерінің профессорлық-оқытушы құрамынан, ғылыми-сарапшылық топ мүшелерінен құралады;

- мүшелерінің құрамы және саны ұйымдастырушылармен анықталады;

- комиссияның алғашқы отырысында ашық дауыс беру арқылы сайланатын Төрағаның басшылығымен қызмет жасайды.

3.6 Өңірлік байқауға ұсынылған ғылыми жобалар республикалық деңгейдегі ұйымдастырушылар әзірлеген әдістеме негізінде бағаланады.

3.7 Өңірлік байқауды ұйымдастырушылар іріктеуді осы Ереже аясында жүргізеді.

3.8 Өңірлік байқауға ұсынылатын ғылыми жобалар осы Ереженің №2 және №3 қосымшасында көрсетілген тәртіппен ресімделеді.

3.9 Өңірлік байқауға қатысушы әр үміткер 1 ғана жоба ұсына алады. Ғылыми жобалар осы Ереженің 4-тарауында көрсетілген бағыттары аясындағы тақырыптар бойынша ұсынылады. Байқауға (құрамы 2 адамнан аспайтын) бірлескен авторлар да қатыса алады.

3.10 Өңірлік байқауда Жергілікті байқау комиссиясының іріктеуінен өткен екі ғылыми жоба Республикалық сырттай іріктеуге жолданады.

3.11 Республикалық сырттай іріктеу (бұдан әрі – Сырттай іріктеу) – Өңірлік байқаудың іріктеу нәтижесі бойынша ұсынылған ғылыми жобаларды авторлардың тікелей қатысуынсыз қарастыратын іріктеудің екінші кезеңі. Бұл іріктеуге әр өңірден ұсынылған 32 ғылыми жоба қатысады.

3.12 Республикалық сырттай және қорытынды байқауға ұсынылған ғылыми жобаларды бағалау үшін Республикалық байқау комиссиясы құрылады.

Республикалық байқау комиссиясы:

- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессорлық-оқытушы құрамы және ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесі мүшелерінің қатарынан құрылады;

- мүшелерінің құрамы және саны ұйымдастырушылармен анықталады;
- комиссияның алғашқы отырысында ашық дауыс беру арқылы сайланатын Төрағаның басшылығымен қызмет жасайды.

3.13 Республикалық байқау ұйымдастырушылары байқауға ұсынылған жобаларды бағалау бойынша әдістеме әзірлеп, Жергілікті және Республикалық байқау комиссияларының қолданысына енгізеді. Байқауға ұсынылған жобаларды бағалау осы әдістеме негізінде жүргізіледі.

3.14 Сырттай іріктеу кезеңінде Өңірлік байқаулардан ұсынылған жобалар Республикалық байқау комиссиясына тапсырылып, авторлардың қатысуынсыз ғылыми сараптама жасалады. Республикалық байқау комиссиясының сараптамасының оң шешімін алған 5 жоба үшінші кезеңге жіберіледі.

3.15 Сырттай іріктеуден өткен қатысушыларға ұйымдастырушылар үшінші кезеңнің өту мерзімі мен шарттарын хабарлайды. Хабарлама қатысушыларға электронды түрде жолданады.

3.16 Республикалық қорытынды байқау (бұдан әрі – Қорытынды байқау) – авторлардың Сырттай іріктеуден өткен ғылыми жобаларын Республикалық байқау комиссиясы алдында тікелей таныстырып, қорғайтын байқаудың үшінші кезеңі.

3.17 Қорытынды байқау Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ғимаратында (Астана қаласы, Абай көшесі, 33 а) өтеді.

3.18 Қорытынды байқауға қатысушы үміткерлер өз жұмыстарын қорғау мақсатында баяндама жасайды. Баяндама уақыты – 7-10 минут. Баяндама барысында электронды материалдарды, көрнекі құралдарды қолдануға болады.

3.19 Қорытынды байқау жеңімпаздарын Республикалық байқау комиссиясы ашық дауыс беру арқылы анықтайды. Комиссия мүшелерінің даусы тең болған жағдайда Төрағаның даусы шешуші болып табылады.

3.20 Байқау туралы осы Ереже барлық өңірлердің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылықтарына жолданады. Аталған хатшылықтар тиісті құжаттарды алған күннен бастап Республикалық байқау туралы ақпаратты 10 күн мерзім ішінде өңірдегі барлық жоғарғы және арнайы оқу орындары, зерттеу құрылымдары арасында таратуы тиіс.

3.21 Байқауға ұсынылған жобалар кері қайтарылмайды.

3.22 Қорытынды байқау жеңімпаздары дипломдармен және қымбат сыйлықтармен, қатысушылары сертификаттармен марапатталады.

3.23 Өңірлік байқау жеңімпаздары Жергілікті ұйымдастырушылар тарапынан марапатталады.

3.24 Байқау қорытындысы бойынша ғылыми жобалардың тезистері арнайы жинаққа енгізіліп, басылады. Үздік жобалардың нәтижелері ғылыми басылымдарға ұсынылады.

4. Байқаудың бағыттары

1) Қазақстан халқы Ассамблеясы – бейбітшілік пен қоғамдық келісім институты (Қазақстан халқы бірлігінің тарихи тамыры; Ел бірлігінің экономикалық негіздері; Қазақстандағы этноконфессиялық қатынастар және рухани келісім мәдениеті; Толеранттылық қазақстандық менталитеттің рухани негізі ретінде, т.б.);

2) Қазақ хандығы: мемлекеттілік тарихы және саяси-экономикалық негіздері;

3) «Мәңгілік Ел» идеясы – жаңа Қазақстанның тұғырнамасы;

4) Қазақстан әлемдік кеңістіктегі бейбітшілік пен келісімді дамыту жолында.

5. Байқауға ұсынылатын жұмыстарға қойылатын талаптар

5.1 Өңірлік байқауға қатысушылар өз аттарынан немесе өздері қызмет атқаратын, болмаса білім алып жатқан мекеме арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) байқауға қатысу жөніндегі өтінім – 1 данада (№2 қосымшаға сәйкес);

2) қағазға басылған, тігілген, көлемі 20 беттен аспайтын ғылыми жұмыстың мәтіні – 1 данада (№3 қосымшаға сәйкес);

3) байқауға қатысу жөніндегі өтінім мен ғылыми жоба мәтінінің электронды нұсқасы жазылған CD диск – 1 данада;

4) қатысушының (қатысушылардың) жеке бас куәлігінің көшірмесі.

5.2 Өңірлік байқауға ұсынылатын құжаттар жергілікті ұйымдастырушыларға – облыстық (Астана, Алматы қалаларының) Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылықтарына тапсырылады.

5.3 Республикалық сырттай іріктеуге ұсынылған ғылыми жобалар үшін жоғарыда аталған құжаттарға қосымша мыналар бірге жолданады:

1) Жергілікті байқау комиссиясының тиісті әдістеме негізінде толтырылған, комиссия Төрағасы және мүшелері қол қойған бағалау парағы – 1 данада (№4 қосымшаға сәйкес);

2) облыстың (Астана, Алматы қалаларының) Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сарапшылық тобы жетекшісінің жазбаша ұсынымы – 1 данада.

5.4 Республикалық сырттай іріктеуге ұсынылатын құжаттар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару

академиясының Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығына тапсырылады. Мекен-жайы: Астана қаласы, Абай көшесі, 33 а. Индекс: 010000.

5.5 Байқау жобалары қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

5.6 Ресімдеуге қойылатын талаптар: мәтін А4 форматында; жиектері: сол жағынан – 3 см., оң жағынан – 1,5 см., жоғарғы және төменгі жақтары – 2 см.; Word мәтіндік редакторы; шрифт – Times New Roman 14; интервал – 1,2.

5.7 Фотосуреттер, суреттер және кестелер қосымшада беріледі.

5.8 Ресімдеу талаптарына сай келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.

**Байқауды өткізудің
КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ**

№	Шараның атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты құрылым
1	Байқау Ережесін әзірлеу және жолдау	2015 жылдың 10 ақпанына дейін	Республикалық байқауды ұйымдастырушылар
2	Ғылыми жобаларды бағалау бойынша әдістеме әзірлеу	2015 жылдың 10 ақпанына дейін	Республикалық байқауды ұйымдастырушылар
3	Өңірлік байқауды өткізу	2015 жылдың 10 ақпаны – 2015 жылдың 1 мамыры аралығы	Өңірлік байқауды ұйымдастырушылар
4	Өңірлік байқау қорытындысы бойынша 2 жобаны Республикалық сырттай іріктеуге ұсыну	2015 жылдың 1 маусымына дейін	Жергілікті байқау комиссиясы
5	Сырттай іріктеуді өткізу	2015 жылдың 1 маусымы – 2015 жылдың 1 қазаны аралығы	Республикалық байқау комиссиясы
6	Сырттай іріктеуден өткен 5 жобаны Республикалық қорытынды байқауға ұсыну	2015 жылдың 1 қазанына дейін	Республикалық байқау комиссиясы
7	Республикалық қорытынды байқауды ұйымдастыру	2015 жылдың 4 қарашасы	Республикалық байқауды ұйымдастырушылар

Байқауға қатысу жөніндегі өтінім*(1,5 беттен аспайтын көлемде)*

Жоба орындаушысы (орындаушылары)	Аты-жөні (толық): _____ Ғылыми дәрежесі _____ Жұмыс орны _____ Лауазымы _____ Байланыс телефондары _____ E-mail: _____ Облыс (қала, аудан) _____
Жоба тақырыбы	
Бағыты	(4 бағыттың қайсысы екендігі көрсетіледі)
Жоба мақсаты	(қысқаша)
Тақырыптың өзектілігі	(қысқаша)
Зерттеу нәтижелерін қолдану салалары	
Кілтті сөздер	

Ғылыми жобаны ресімдеу үлгісі

УДК 316.347:323.1 (574)

Тақырыбы:
ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕЙНЕСІ

Байқау бағыты:
4) Қазақстан әлемдік кеңістіктегі бейбітшілік пен келісімді дамыту жолында

Орындаушы:
Аспанов Арман Ондасынұлы,
философия докторы (PhD),
Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясының ғылыми
қызметкері

Астана, 2015

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МӘСЕЛЕСІ.....	4
1.1 Қазақстандағы этносаралық татулық пен қоғамдық келісім.....	4
1.2 Қазақстанның жаһандық тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз етудегі белсенділігі.....	7
2 ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИМИДЖІ.....	10
2.1 Еуропа елдеріндегі Қазақстанның имиджі.....	10
2.2 Қазақстанның Азия елдері арасындағы беделі.....	13
2.3 Қазақстанның Батыс пен Шығысты жақындастырудағы ұстанымы.....	15
ҚОРЫТЫНДЫ.....	17
Ұсынымдар.....	19
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	20
Қосымшалар	

1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МӘСЕЛЕСІ

1.1 Қазақстандағы этносаралық татулық пен қоғамдық келісім

1992 жылы Қазақстан халықтарының кезекті форумдарының бірінде жасаған баяндамасында Елбасы былай деді: «...халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы қалыптастырды. Бүгінгі таңда, тарихымызды қайта таразылау кезінде, бұл байлықты жоғалтуға, интернационализмнің игі дәстүрлерін жоққа шығаруға хақылы емеспіз. Олар соңғы он жыл бойында және партиялық нұсқаумен қалыптасқан жоқ. ...Қазақстанға бұл халықтар барлық жағдайда өз еркімен қоныстанбаған. ...Біздің жеріміз барлығын жылы қабылдап, мыңдаған адамдардың туған үйіне айналды. Бұл жағдайда қазақ ұлты, оның ашықтығы, ғасырлардан келе жатқан қонақжайлық және бейбіт көршілестік дәстүрлері ең шешуші рөл атқарды. Бірлескен еңбек, аға ұрпақтың басына түскен ауыртпашылықты еңсеру, күнделікті тұрмыстық тіршілік пен мерекелер арқылы республика халықтарының, қазіргі келбетін таныстыратын, өзіндік ортақ дүниесі қалыптасты» [1].....

**Байқауға ұсынылған ғылыми жұмысты
БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ**

Өлшемдер	Ең жоғарғы ұпай	Бағалау негіздемесі
Тақырыптың өзектілігі	10	
Тақырыптың Байқау бағыттарына сәйкестілігі	10	
Ғылыми жаңалығы	10	
Қойылған міндеттердің шешімділігі	10	
Материалдың толықтығы және логикалық байланысы	10	
Алынған нәтижелердің теориялық маңызы. Ғылыми жұмыс әдіснамасының тиімділігі	10	
Алынған нәтижелердің тәжірибелік маңызы	10	
Қорытынды ұпай	70	

Комиссия Төрағасы _____ (толық аты-жөні, лауазымы, ғылыми атағы);
(қолы)

Комиссия мүшелері:

_____ (толық аты-жөні, лауазымы, ғылыми атағы);
(қолы)

_____ (толық аты-жөні, лауазымы, ғылыми атағы);
(қолы)

_____ (толық аты-жөні, лауазымы, ғылыми атағы);
(қолы)

_____ (толық аты-жөні, лауазымы, ғылыми атағы);
(қолы)